

ӨЗБЕКСТАН ХАЛҚЫНА ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті отандастар!
Сіз, ғазиздерді, бүкіл мұсылман отандастарымызды, бүкіл халқымызды құтты да қастерлі мереке — Құрбан ай-тпен шын жүректен құттықтай отырып, өзімнің терең құрметім мен ізгі тілекте-рімді жолдауға аса қуаныштымын.
Ислам үмбеті үшін қасиетті санала-тын бұл құтты мереке — Ийд әл-Адханы ел-жұртымызбен тыныш әрі бейбіт ор-тада қарсы алып жатқанымыз үшін, ең алдымен, мейірімді де құдіретті Алла тағалаға шексіз шүкіршілік айтамыз.
Күмән жоқ, соңғы жылдары Жаңа Өзбекстанда әлеуметтік және халық-шыл мемлекетті қалыптастыру, оның рухани негіздерін нығайту мен қоғам-дағы ықпалын арттыру бағытында ат-қарылып жатқан ауқымды істерде ис-лам діні мен оның үлкен мерекелерінің бірі — Құрбан айттың алатын орны ерекше.
Әсіресе бұл мерекенің адамгершілік, бірлік, жомарттық пен ізгілік секілді құндылықтары елімізде жүзеге асыры-лып жатқан “Адам қадірі үшін, адам бақыты үшін” деген игі идеяға негіз-делген кең ауқымды реформалармен үндесіп, аз қамтылған азаматтарды қол-дап-қуаттау, қарттарға, жастар мен әйелдерге ерекше қамқорлық көрсету, кембағалдықты қысқартуға бағыттал-ған бағдарламалардың тиімділігін арт-

тыруға қызмет етіп отырғанын атап айт-қан жөн.
Ғазиз достар!
Бүгінгі таңда елімізде түрлі ұлттар мен діни конфессиялар арасындағы тату-лықты нығайту, ар-ождан бостандығын қамтамасыз ету, діни-ағартушылық мұрамызды сақтау, жас ұрпақты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда.
Осы ретте ислам дінінің асыл қағидаттарын терең зерттеу, ұлы тари-хымыз бен мәдениетіміздің інжу-мар-жандарын, атакты ғұламаларымыздың бай мұрасын жинақтап, кенінен наси-хаттауға ерекше көңіл бөлініп жатқанын атап өткеніміз жөн. Атап айтқанда, Шығыстың көне ғажайып шаһары — Са-марқант қаласы 2025 жылы ислам мәдениетінің астанасы деп жариялан-ды, ұлы отандасымыз Имам Матури-дидің 1155 жылдығы елімізде кенінен аталып өтілуде. Имам Бұхари, Имам Матуриди және Имам Термизи атын-дағы халықаралық ғылыми-зерттеу ор-талықтарының қатарына биыл Бұхара қаласында өз жұмысын бастайтын Ба-хауддин Нақшбанд атындағы ғылыми-зерттеу орталығы да қосылды.
Астанамыз Ташкент қаласында бой көтеріп жатқан Ислам өркениеті орта-лығы — ғылыми-рухани бағыттағы тең-

дессіз жоба ретінде халқымызда да, халықаралық қауымдастықта да үлкен қызығушылық тудыруда. Бұл киелі орын — санғасырлық бай тарихымыз бен тең-дессіз ұлттық мәдениетіміздің жарқын көрінісі ретінде Жаңа Өзбекстан өмірін-дегі маңызды оқиғалардың біріне ай-наларына сенемін.
Құрметті отандастар!
Осы қуанышты күндері 15 мың отанда-сымыз қасиетті қажылық парызын өтеу-де. Құлшылық пен дұға-тілектер қабыл болатын осындай шуақты сәттерде олар-ды да Құрбан айт мерекесімен шын жүрек-тен құттықтап, Жаратқаннан олардың елі-не аман-есен оралуын тілейміз.
Сеніміміз мол, құрметті қажылары-мыз еліміздегі бірлікті, отбасылар мен махаллалардағы мейірімділік ортасын одан әрі нығайтуда, жастар тәрбиесін күшейтіп, оларды білімге, заманауи кәсіпке баулып, Отан қорғауға үндеу-де, сондай-ақ көмекке мұқтаж жандар-ға жәрдем көрсетуде ерекше өнеге және үлгі болады.
Жүректеріміз қуанышқа толған осы-нау қасиетті күндерде шетелде жүрген отандастарымызды да құтты мереке-мен шын жүректен құттықтап, оларға денсаулық, амандық, бақ-береке және табыс тілейміз.
Әлемнің алыс-жақын түкпірлеріндегі бүкіл мұсылман үмбетін де шын ниет-

пен құттықтай отырып, олардың халқы-на және елдеріне бейбіт өмір, даму мен әл-ауқаттылық тілейміз.
Ғазиз де құрметті отандастар!
Қазіргі таңда дүниежүзі қандай күрделі әрі алаңдатарлық болып бара жатқанын баршамыз көріп отырмыз. Осындай қиын кезеңде елімізде тыныш-тық пен өзара сыйластықты, ынтымақ пен бірлікті сақтай отырып, барлық сала мен бағытта аянбай еңбек етіп, көздеген биік мақсаттарымызға мін-детті түрде жете аламыз.
Әрине, өз тарихында талай сын мен қиындықтан абыроймен өткен батыр да жомарт халқымыз мұндай сындардан да сүрінбей өте алатынына сеніміміз кәміл.
Бұл жолда халқымызға тән мейір-шапағат, өзара бірлік пен тұтастық біз үшін баға жетпес құш-қуаттың қайнар көзі бола беретініне сенемін.
Сіз, ғазиздерді қасиетті Құрбан айт мерекесімен тағы да шын жүректен құттықтап, баршаңызға бейбіт өмір, мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға құт-береке тілеймін.
Қасиетті мереке баршамызға құтты болсын!

Шавкат МИРЗИЯЕВ,
Өзбекстан Республикасы
Президенті

ЕКІЖАҚТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев пен Иран Ислам Республикасының Президенті Масъуд Пезешкиан 5 июнь күні телефон арқылы сұхбаттасу барысында бір-бірін және достас халықтарымызды қасиетті Құрбан айт – Ийд әл-Адхамен шын жүректен құттықтап, бейбіт өмір, амандық, бақ-береке мен әл-ауқаттылық тіледі.

Өзбекстан мен Иран арасындағы көпқырлы қарым-қатынастарды одан әрі дамытуға қатысты өзекті мәсе-лелер қаралды.
Үкіметтер, министрліктер мен кеңселер деңгейіндегі белсенді диалог пен алмасулардың артып келе жатқаны ризашылықпен атап өтілді. Өзара сауда мен жүк тасыма-лы көлемі, бірлескен кәсіпорындар саны артып келеді.
Быылғы май айында Тегеран қаласында Үкіметаралық комиссияның кезекті жиналысы, бизнес-форум және өнер-кәсіп көрмесі өтті. Ынтымақтастық бойынша 2025-2027 жылдарға арналған “жол картасы” қабылданды.
Сауда, инвестиция, көлік және логистика, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы салаларындағы кооперациялық жобаларды ілгерілетудің маңыздылығы атап өтілді.
Сондай-ақ Өзбекстан мен Иран жетекшілері аймақтық күн тәртібі мен алдағы шаралар жоспары туралы пікір алысты.

Өза

Өзбекстан Олий Мажлисі Сенатының Жастар, мәдениет және спорт мәселелері комитетінің төрайымы Орзигүл Козихонова Тәжікстан Республикасының Душанбе қаласында өткен “Әйелдердің мұздықтарды сақтаудағы рөлі” атты форумға қатысты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР ФОРУМЫ

Шара аймақ елдері парламенттері, халы-қаралық ұйымдар, соның ішінде БҰҰ-ның Ор-талық Азия үшін превентивтік дипломатия жөніндегі аймақтық орталығының өкілдері, са-рапшылар мен белсенді әйелдерді біріктірді.
Форум аясында Тәжікстанның Орталық Азия елдерінің жетекші әйелдері диалогына төрағалық етуінің ресми ашылуы да өтті.
Форумның негізгі мақсаты — мұздықтарды қорғау, климаттың өзгеруіне бейімделу және әйелдердің экологиялық үдерістерге қосқан үлесін күшейту жолындағы күш-жігерді бірікті-ру болды.
Қатысушылар климаттың өзгеруі, мұздық-тарды сақтау және жаңа экологиялық жағдай-ларға бейімделу мәселелерінде әйелдердің жетекші рөлін атап өтті.
Сенатор О.Козихонова өз сөзінде Өзбек-стан Президентінің басшылығымен климат-тың өзгеруіне қарсы күрес және қоршаған ор-таны қорғау бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың маңыздылығына тоқталды. Әсі-ресе, экологиялық және ауыл шаруашылығы жобаларын жүзеге асыруда әйелдерді қол-дауға бағытталған заңнамалық бастамалар, “жасыл” экономиканы дамыту, халықаралық серіктестік және нақты практикалық шаралар-ға ерекше назар аударылды.
Сондай-ақ сенатор Өзбекстанның Арал бой-ын қалпына келтіру жөніндегі бастамалары туралы сөз қозғап, жаһандық жылыну жағда-йында табиғи ресурстарды тұрақты басқару-да әйелдердің маңызды рөлін атап өтті. Әйел-дердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңей-ту, олардың экологиялық күн тәртібін қалып-тастыруға белсенді қатысуы мәселелеріне назар аударылды.
Бұдан тыс, Душанбе сапары аясында Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан және Түркі-менстан парламенттері өкілдерінің Мажлиси Оли Мажлиси намояндагон төрағасы Файза-ли Идизода мырзамен бірлескен кездесуі өтті.
Кездесуде парламентаралық диалогты нығайту және “Жетекші әйелдер диалогы” аясындағы ынтымақтастықты кеңейту бола-шақтары талқыланды.
Душанбе форумы өзекті климат мәселеле-рін талқылау және гендерлік сипаттарды ес-кере отырып, аймақтық ынтымақтастықты нығайтудың маңызды аланына айналды.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Ақпарат қызметі.

Балалар құқығы

МІНДЕТТЕМЕДЕН – ӘРЕКЕТКЕ



Ташкент қаласында Өзбекстан Республикасы Президенті құзырындағы Әлеуметтік қорғау ұлттық агенттігінің және Біріккен Ұлттар ұйымының Балалар қоры — ЮНИСЕФ-тің ынтымақтастығымен “Міндеттемеден — әрекетке: балаларға қатысты зорлық-зомбылықты жою бойынша стратегия және ұлттық болашақ” тақырыбында дөңгелек үстел сұхбаты өтті.

Шараға мемлекеттік кеңселердің басшылары, сот-құқық жүйесінің, бі-лім беру және денсаулық сақтау са-лаларының азаматтық қоғам ұйым-

дары өкілдері, сондай-ақ Орталық Азиядағы шетел мемлекеттерінің елшілері қатысты.

Ұлттық Міндеттеме Өзбекстан

тарапынан соңғы екі жыл ішіндегі балаларды қорғау бағытында жүзе-ге асырылған бірқатар маңызды құқықтық және институционалдық реформалардың қисынды жалғасы іспетті. Ең маңызды қадам — “Ба-лаларды кез келген зорлық-зомбы-лықтан қорғау туралы” заңның 15 май күні күшіне енгені болып табы-лады.
Сонымен қатар Ұлттық Міндетте-ме жаңа заңды іс жүзіне енгізу үшін саяси ерік-жігер мен нақты әрекет-тер арасында алтын көпір қызметін атқарады. Бұл үдеріс түрлі салалар-ды қамтыған стратегиялар мен әре-кеттер жоспары негізінде жүзеге асырылады.
Дөңгелек үстел сұхбаты барысын-да балаларды қорғауға бағытталған көптармақты стратегиялар мен ұлттық қозғалыстар жоспарымен, балалар құқығын насихаттайтын “Naqqiq bor” атты қысқа метражды фильмінің тұсаукесері таныстыры-лып, сондай-ақ шара шеңберінде Ұлттық Міндеттемелер жарияланды.
Бұл шара Өзбекстанның балалар-ды қорғау бағытындағы қатан сая-си жігерін таныту, іс жүзіндегі шара-ларды белгілеу, сондай-ақ халықа-ралық тәжірибе алмасу үшін маңыз-ды диалог алаңына айналды.

Арухан АҚПАНБЕТОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

ҮШҚҰДЫҚ – ҒАЖАП ӨЛКЕ

Науаи облысы орталығынан 300 километр шалғайда орналасқан, “Қызылқұм маржаны”, “Шөндегі бостан” деп аталатын Үшқұдық ауданындағы бүгінгі өзгерістердің нәтижесін аймақта жасайтын 37,5 мың тұрғынның тұрмысы мысалынан көруге болады.
Шындығында, 20-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің мақтанышы саналған Үшқұдықтың беделі тек қана өзінің алтыны ғана емес, шаруашылық өнімдері, сонымен қатар еңбекқор, бауырмал халқы, талантты жастары, қажырлы кеншілерінің жанқияр ұмтылысының арқасында артып отыр.
Үшқұдық қаласы бүгінде жедел дами түскен, тұрғындарының саны көбейген, соған сай тұрғын үйлер мен әлеуметтік инфрақұрылымдарды құру қарқыны артып жатқан мекен саналады. Сол жерге жолыңыз түсіп барсаңыз, жаңа ғимараттар құрылып жатқанын көресіз. Әсіресе, орталықтың түнгі көрінісі өте әдемі.



Суретті түсірген С.АСЛОНОВ (Өза)

Бүгінгі жаһандану дәуірінде шет тілдерін меңгеру — заман талабы ғана емес, ұлт ретінде өркендеудің кепіліне айналды. Жаңаша жанасу, жаңаша көзқарас, жаңа ұрпақ — мұның бәрі сапалы біліммен қатар, тіл арқылы қалыптасады. Ал сол тілді қалай үйретеміз, қалайша оны “міндет” ретінде емес, адамның ішкі қажеттілігіне, өмірлік құралына айналдырамыз?

Қазіргі таңда әлемнің түкпір-түкпірінде тіл үйре-тудің түрлі әдіс-тәсілдері қолданылуда. Дегенмен, жылдар бойы кең тараған жаттауға негізделген жана-су дәстүрлі тәсілдердің ти-імділігіне күмән тудыруда. Таныс көрініс: оқушы неме-се студент грамматиканы жаттап алады, ондаған сөзді қайталайды, жаттығу орын-дайды — бірақ еркін сөйлей алмайды. Неліктен?
Себебі тіл — бұл жай ере-же немесе сөздік қоры емес. Ол — ойлау, түйсінү, сезіну, өзара байланыс орнатудың құралы. Демек, оны үйрету тәсілдері де адамның ішкі та-нымына, ми мен сана бай-ланысына негізделуі тиіс.
Соңғы жылдары тіл үйре-тудегі ең тиімді бағыттар-дың бірі ретінде психолинг-вистикалық тәсіл алға шы-ғып отыр. Бұл әдістеме адамның тіл үйрену үдерісін ми жұмысы, есте сақтау, ақпаратты өңдеу қабілеті тұрғысынан зерттеп, соған сәйкес оқыту жолдарын ұса-нады.
Тілді меңгеру тек сөз-дерді жаттау ғана емес, сол сөз арқылы басқа халықтың мәдениетін, менталитетін, сезімін түсіну, сонымен бай-ланыс орнату. Әрбір тіл — белгілі бір ұлттың дүние-таным айнасы. Демек, оны үйрену — сол халықтың ішкі әлеміне бойлау деген сөз.
Психолингвистикалық тәсіл мұғалімді жай білім беру-ші ғана емес, баланың ішкі әлеуетін ашатын, оның танымдық қабілеттеріне ба-ғыт беретін жетекші ретін-де қарастырады. Бұл — оқытушы мен оқушының арасында рухани көпір ор-нату.

Президентіміздің баста-масымен “Жаңа Өзбекстан — даму стратегиясында” бі-лімге, әсіресе шет тілдерін

меңгеруге ерекше мән бе-рілген. Ендігі жерде тіл үйре-ну — шетелге шығудың ғана емес, елімізде де халықара-лық стандарттарға сай бәсе-кеге қабілетті маман болып қалыптасудың басты жолы ретінде қарастырылады.
Сондықтан да бүгінгі білім беру жүйесінде тіл үйрету жаңаша әдістемелік негізде құрылуы шарт. Психолинг-вистикалық бағыт дәл осы қажеттілікке жауап береді. Бұл — тек әдіс емес, бұл — болашаққа деген ғылыми сенім.
Тілді меңгеру — бұл жай ғана білім емес. Әрбір жаңа сөз — ішкі әлемнің жаңа беті. Ол дүниетанымды ке-ңейтеді, мәдениетті терең-детеді, сондай-ақ өзгелер-мен еркін қарым-қатынас орнатуға жол ашады.
Психолингвистикалық жанасу — тілді жандандыру. Ол сөзді жүрекке жеткізеді. Тілді үйренуші өзін сол тілдің ішінде “өмір сүріп жатқан-дай” сезінген сәтте — нағыз білім басталады. Міне, жаңа буынға, жаңаша көзқарас қажет дегеніміз осы.

Қорытындылай келе, бо-лашақ ұрпаққа тілді шынайы меңгертікіміз келсе, біз бұрынғы жаттанды тәсілдер-ден гөрі, адамның ішкі таби-ғатына негізделген ғылыми бағыттарды таңдауға тиіс-піз. Психолингвистика — тіл мен адамның жан дүниесін тоғыстыратын көпір. Ал мұндай көпір арқылы білім алған ұрпақ — шынайы са-уатты, жан-жақты әрі еркін ойлай алатын тұлғаға айна-лады.

Феруза ДЖАББАРОВА,
Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің Факультетаралық шет тілдер кафедрасының оқытушысы.



Байқау

Өсіп келе жатқан жас ұрпақты қолдап-қуаттауда, әсіресе жас балалардың талабын қанағаттандыруда, олардың дарыны мен қабілетін шығаруда түрлі конкурс-байқаулардың рөлі орасан зор. Бұл жас балалардың дүниетанымы мен көзқарасының қалыптасуында маңызды орын иелейді және олардың болашағында негізгі адымдардың бірі болатыны белгілі.



БАЛАЛАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ

Адам құқықтары бойынша Өзбекстан Республикасы Ұлттық орталығы, сондай-ақ “Тонг юлдузи” және “Класс” республикалық балалар және жасөспірімдер басылымдарының редакцияларымен ынтымақтасықта Өзбекстан Республикасы Президентінің 2025 жылы “Қоршаған ортаны қорғау және “жасыл” экономика жылы” мемлекеттік бағдарламасы, сондай-ақ 1 июнь — Халықаралық балаларды қорғау күні шаралары аясында “Климат өзгеруі және экология балалардың көзқарасында” байқауын өткізді.

Айта кетерлік жайт, бұл байқауға үстіміздегі жылдың 12 февралінде “Тонг юлдузи” және “Класс” газеттерінің редакцияларымен ынтымақтасықта старт берілген болатын. Ал бүгінгі ұйымдастырылған шара осы байқау жеңімпаздарын марапаттауға арналды.

Шараны Адам құқықтары бойынша Өзбекстан Республикасы Ұлттық орталығының директоры Акмал Саидов жүргізді. Шараны өткізудегі мақсат — елімізде жалғасын тауып жатқан бала құқықтары саласындағы реформалардың нәтижелілігін одан әрі арттыру және экология саласындағы білімін ынталандыру арқылы балалар және жасөспірімдердің арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Сондай-ақ балалар және жасөспірімдердің экология, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, оларды қайта тіктеу және адам қызметінің табиғатқа кері әсерінің алдын алуға

қатысты экологиялық дүниетанымды кеңейту және озат идеялардың авторларын ынталандыруды мақсат еткен.

Қысқа мерзім ішінде жас шығармагерлерден “Тонг юлдузи” және “Класс” басылымдарының редакцияларына 300-ден астам материал мен шығармашылық жұмыс келген. Аталмыш материалдар мен шығармашылық істер бір-бірін қайталамастан, жас шығармашылдардың жасөспірімдер әлеміне және табиғатқа деген қызығушылығын анық ашып берген. Әрбір жас шығармагер жазған шығармашылық үлгісінде өзіндік жанасуды көруге болады.

Байқау екі басқышта — “Ең үздік макала және мазмұндама”, “Ең үздік бейнеролик” аталымдары бойынша ұйымдастырылып, онда бірінші сыныптан 9 сыныпқа дейінгі балалар қатысты. Жалпы бүгінгі байқау жеңімпаздарының саны көпшілікті құрауда. Қуантарлық жайт, қатысушылар республиканың түрлі аумағынан Қарақалпақстан Республикасы, Ташкент, Науаи, Бұхара, Ферғана, Сұрхандария облыстарынан, сондай-ақ Ташкент қаласынан қатысуда. Байқау жеңімпаздары диплом және естелік сыйлықтарымен марапатталды.

Солардың бірі Фарангиз Мадреймова Қарақалпақстан Республикасы Хожейлі ауданындағы №15 жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушысы.

— Фарангиз бүгінгі байқауда өзінің экология тақырыбында жазған шығармасымен үшінші орынды иемденді, — дейді Хожейлі

аудандық мәдениет және ағарту істері бойынша насихаттаушы Гүлстан Реймова. — Фарангиз шығармашылықпен 4-сыныптан бері шұғылданып келеді. Осы күнге дейін “Хожейлі ақиқаты” аудандық газетінде 200-ден астам мақаласы жарық көрген. Оқуға, білімге құштар Фарангиз мақалаларды қарақалпақ, өзбек және ағылшын тілдерінде жазады.

Шара барысында сөз сөйлеген мамандар жас ұрпақтың жүрегінде Отананаға мейірім-шапағат және адалдық сезімдерін ояту, оларды табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу және қоршаған ортаны қорғау, соның ішінде экология саласындағы білімдерін арттырып отыру қажеттілігін тілге тиек етті.

Оған байқау жеңімпаздары, “Тонг юлдузи” және “Класс” басылымдарының редакциялары журналистика саласының ардагерлері, сондай-ақ Адам құқықтары Ұлттық орталығының қызметкерлері қатысты.

Қорыта айтқанда, әдемі әрі мазмұндық тұрғыдан бай ұйымдастырылған бүгінгі шара балаларда оқуға, білім алуға, жазуға деген ынтасы мен қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Ал жеңімпаздықты иемденген балалардың ата-аналарының қуанышында шек жоқ. Үлкен-кішіні қуанышқа бөлейтін осы сынды байқаулар қоғам үшін өте маңызды. Солай екен, мұндай игі шаралардың жалғасымдылығы да саны да арта берсін дейміз.

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Мектепке дейінгі тәлім-тәрбие

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР ЖӘНЕ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ

Мектепке дейінгі жас — бұл баланың өміріндегі ең белсенді даму кезеңі. Дәл осы кезеңде логикалық ойлау, мәселелерді шешу, пайымдау сияқты дағдыларды қалыптастыру болашақтағы жетістік үшін маңызды іргетас қалайды. Дәл осы жылдары бала қоршаған ортаны түсінуді, ақпаратты реттеуді, үлгілер мен заңдылықтарды анықтауды үйренеді. Сондықтан ерте балалық шақтағы білім беруде логикалық ойлауды қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет.

Бұл үдерісте педагогикалық ойындар өте қолайлы болып, баланы оқуға мәжбүрлемей, қызықты іс-әрекет арқылы білім алуға ынталандырады. Олар логикалық ойлауды дамытып қана қоймай, сонымен қатар дербес шешім қабылдау, шыдамдылық, табанды әрекет ету сияқты жеке қасиеттерді де қалыптастырады.

Педагогикалық ойындар арқылы бала нақты мәселелерді өзінше шешуге үйренеді. Өрнектер мен заңдылықтарды анықтау осындай ойындардың біріне мысал бола алады. Мұндағы түстерге, пішіндерге, сандарға байланысты тапсырмалар балада бірізділік пен себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге негіз қалайды.

Сондай-ақ мәселені жүйелі шешу ойыны барысында туындаған жағдайларды шешу арқылы бала бір уақытта бірнеше нұсқаны талдайды. Ал топтастыру және салыстыру ойыны арқылы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырату нәтижесінде балада жіктеу дағдылары дамиды.

Педагогикалық ойындар баланың белсенділігін арттырады, оны оқу үдерісін

тікелей қатысушысына айналдырады. Енжар тыңдаушыдан белсенді үйренушіге айналу, әрине, білімді тереңірек меңгеруге әкеледі.

Дәстүрлі оқыту көбінесе тыңдау мен қайталауға негізделсе, педагогикалық ойындар тәжірибе арқылы үйренуді ынталандырады. Құрылымдық білім беруде бала дайын білім алады, бірақ бұл білім әрқашан саналы және белсенді меңгерілмейді. Керісінше, ойын арқылы үйренген ақпарат ұзақ уақыт сақталады, өйткені бала бұл білімді өзі ашады. Интербелсенді ойындар баланың оқуға деген ішкі ынтасын арттырады. Өйткені ол өз білімін сынап көреді, табысқа қуанады және мәселені шешкеніне риза болады.

Жүргізілген сапалы зерттеулер педагогикалық ойындармен жүйелі түрде шұғылданатын 4-6 жастағы балаларда өрнектерді анықтау және бірізділікті аяқтау қабілеті артқанын, топтастыру және талдау дағдылары дамығанын, өз бетінше ойлауға бейімділік пен табандылық айтарлықтай өскенін көрсетеді.

Мұғалімдермен жүргізілген сұхбаттар бұл бақылау-

ларды қолдайды. Олардың айтуынша, ойындар арқылы оқушылар тапсырмаларға жанды және тәуелсіз қарайды, зейінін шоғырландырады және әсіресе күрделі тапсырмаларды шешуге ұмтылады.

Педагогикалық ойындар балалардың логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруда өте маңызды құрал болып табылады. Олар арқылы бала білім алып қана қоймай, алған білімін өмірде қолдана білуге үйренеді. Мұндай іс-әрекет өз кезегінде өз бетінше оқуға, мәселені шешуге және сыни ойлаудың дамуына қызмет етеді.

Сондықтан мектепке дейінгі білім беру мекемелері білім беру бағдарламаларына педагогикалық ойындарды жүйелі түрде енгізу, мұғалімдерді ойынға негізделген білім беру әдістеріне үйрету, цифрлық және физикалық ойындардың үйлесімін қамтамасыз ету, сыныптарды ынтаны арттыратын ойын құралдарымен қамтамасыз ету сияқты шараларды қабылдағаны жөн.

Болашақ зерттеулер педагогикалық ойындардың есте сақтау, зейін және кеңістіктік ойлау сияқты басқа да танымдық факторларға әсерін зерттеуге де бағытталуы керек. Цифрлық технологиялардың кең таралуын ескере отырып, дәстүрлі және цифрлық ойындардың тиімділігін салыстыру маңызды ғылыми міндет болып табылады.

Дилноза МУТАЛОВА,
Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің оқытушысы, философия ғылымдарының докторы.

Индивидуалдық білім беру

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ТӘСІЛІНІҢ НЕГІЗІ

Бүгінгі таңда Өзбекстанның жоғары білім беру жүйесінде ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. Бұл реформалардың негізінде әр студентке жеке тұлға ретінде қарау, оның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып білім беру қағидаты жатыр. Атап айтқанда, Шыршық мемлекеттік педагогика университеті өз іс-тәжірибесінде осы заманауи тәсілді тиімді қолданып келеді.

ШМПУ-да білім беру үдерісін жан-жақты дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл үдеріс тек дарынды немесе жоғары көрсеткіштерге ие студенттермен жұмыс істеуді ғана емес, сонымен қатар әр студентке өз жолын табуға көмектесуді, оның қабілеттерін мен жеке даму қарқынын ескеруді білдіреді.

Университетте жүргізіліп жатқан индивидуалдық білім беруге қатысты іс-шаралар бірнеше негізгі бағытта көрініс табуда. Атап айтқанда, индивидуалдық білім беру жоспарларына сәйкес, әр студентке оның білім деңгейі мен мақсаттарына сүйеніп отырып, бейімделген білім беру жоспары құрылады, сол арқылы өз бетінше меңгеру және өз жылдамдығында оқу мүмкіндігі жасалады.

Ал тәлімгерлік жүйесінде студенттер тобына бекітілген тәлімгерлер олардың академиялық қана емес, сонымен қатар жеке дамуын да бақылайды. Бұл жүйе арқылы жастар өз өмірлік бағытын анықтауда рухани және психологиялық көмек алады.

Цифрлық құралдар арқылы жеке портфолиолар, онлайн платформаларда тестілер, өзіндік оқу тапсырмалары арқылы студенттің өзін-өзі бағалауымен дамуы жолға қойылады.

Сондай-ақ “4+2” моделі бойынша төрт күндік дәрістер мен практикалық сабақтар екі күндік өз бетінше оқумен үйлестірілген. Бұл тәсіл студенттердің сыни тұрғыдан ойлау, өз уақытын басқару, жауапкершілікті сезіну сияқты дағдыларын дамытуға қызмет етеді.

Университеттің Мектепке дейінгі білім беру факультеті, әсіресе осы бағытта озық жобаларды жүзеге асыруда. Айта кету керек, “Мектепке дейінгі білім беруде инновацияларды енгізу және өзара интеграциялау” тақырыбында ұйымдастырылған индивидуалдық білім беру іс-шарасы теориялық қана емес, сонымен

қатар практикалық маңызға ие. Онда студенттер қызығушылықтары бойынша өз бетінше жұмыс істеуге, инновациялық көрсеткіштерге ие студенттермен жұмыс істеуді ғана емес, сонымен қатар әр студентке өз жолын табуға көмектесуді, оның қабілеттерін мен жеке даму қарқынын ескеруді білдіреді.

Университетте жүргізіліп жатқан индивидуалдық білім беруге қатысты іс-шаралар бірнеше негізгі бағытта көрініс табуда. Атап айтқанда, индивидуалдық білім беру жоспарларына сәйкес, әр студентке оның білім деңгейі мен мақсаттарына сүйеніп отырып, бейімделген білім беру жоспары құрылады, сол арқылы өз бетінше меңгеру және өз жылдамдығында оқу мүмкіндігі жасалады.

Ал тәлімгерлік жүйесінде студенттер тобына бекітілген тәлімгерлер олардың академиялық қана емес, сонымен қатар жеке дамуын да бақылайды. Бұл жүйе арқылы жастар өз өмірлік бағытын анықтауда рухани және психологиялық көмек алады.

Цифрлық құралдар арқылы жеке портфолиолар, онлайн платформаларда тестілер, өзіндік оқу тапсырмалары арқылы студенттің өзін-өзі бағалауымен дамуы жолға қойылады.

Сондай-ақ “4+2” моделі бойынша төрт күндік дәрістер мен практикалық сабақтар екі күндік өз бетінше оқумен үйлестірілген. Бұл тәсіл студенттердің сыни тұрғыдан ойлау, өз уақытын басқару, жауапкершілікті сезіну сияқты дағдыларын дамытуға қызмет етеді.

Университеттің Мектепке дейінгі білім беру факультеті, әсіресе осы бағытта озық жобаларды жүзеге асыруда. Айта кету керек, “Мектепке дейінгі білім беруде инновацияларды енгізу және өзара интеграциялау” тақырыбында ұйымдастырылған индивидуалдық білім беру іс-шарасы теориялық қана емес, сонымен

Салима ХОЛМАТОВА,
Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің “Мектепке дейінгі білім беру әдістемесі” кафедрасының аға оқытушысы.

Тұсаукесер

ӨМІР АРНАСЫНДАҒЫ ШАБЫТ ҮНДЕСТІГІ

Үстіміздегі жылғы 3 июнь күні Ұлттық баспасөз орталығында білікті журналист, талантты публицист Саид Рахмоновтың “Олтин мерос пресс” баспасынан жарық көрген “Хамоханглик” кітабының тұсаукесері өтті.



Саид Рахмонов 1982 жылы Қашқадария облысының Чирокчи ауданында дүниеге келген. 2003 жылы М.Улугбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетінің журналистика факультетінің бакалавр, 2005 жылы магистратура басқыштарын тәмамдаған. Еңбек жолын 2003 жылы “Кишлоқ хаети” газетінде бастаған. 2007 жылдан бері “Халқ сузи” газетінде түрлі лауазымдарда жұмыс істеп келеді.

Сонымен қатар қазірге журналистика мамандығы бойынша филология пәндері бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ғылыми зерттеулер жүргізуде.

Ізденімпаз, берекелі еңбек етіп жүрген автор “Жылдың белсенді журналисі” (2008 жыл) және “Ең ұлы, ең ғазиз” республикалық байқаулары (2018

жыл), “Алтын қалам” халықаралық байқауының (2016 жыл) жеңімпазы болған.

Жазушы шығармаларының бұл алғашқы жинағына 2017-2024 жылдары Жаңа Өзбекстанның түрлі орталық басылымдарында жарияланған 35-ке жуық мақалалар топтамасы кіреді. Атап айтқанда, өркениетіміздің ең тұрақты міндеттері — кедейлікті азайту, мұқтаж тұрғындарды әлеуметтік қорғауды күшейту, отандастарымыздың заңды мүддесін тиімді қорғау, адам қадір-қасиетін асқақату, кепілдендірілген табыс көздерімен, сапалы білім беру, тұрғын үймен қамтамасыз ету, атап айтқанда, ауыл шаруашылығының барлық негізгі салаларына заманауи технологияларды енгізуге үлкен мән береді.

— Саид Рахмоновтың тақырып аясы кең, бірақ қай мәселені шешсе де, ең алдымен, әлемдік озық тәжірибені зерттеп, мәселенің мән-жайына терең үніліп, өзгермелі қоғамымызға пайдасын тигізетін анық әрі нақты ұсыныстарын ортаға салады, — дейді Өзбекстан Журналистер одағының мүшесі, философия ғылымдарының докторы Лазиз Рахматов. — Жинақтағы әрбір мақала кәсіби журналистің сөз төңірегінде тынымсыз ізденісі мен тыңғылықты еңбегінің жемісі болса да, оқырманның ой-өрісін ашып, ойға шақыруымен де ерекше.

— Кішіпейіл, еңбекқор, өзіне сенімді Саид Рахмоновтың ширек ғасырдан бері білемін. Ол біздің редакциямызға жан-жақты қолдау көрсетіп, ұстаздарының озық дәстүрлерін бойына сіңірді. Сондықтан оның бірде-бір сөзінде әлеуметтік маңызы жоқ нәрсені көтергені есімде жоқ, — дейді “Халқ сузи” газетінің бас редакторы Уткир Рахматов. — Ол халықты толғандырған мәселелерге үнсіз қалмай, келенсіздіктер мен кемшіліктерге іштей қатты наразылығын асқан шеберлікпен айтып келеді. Осы жылдар ішінде редакциямызда ауылшаруашылық және экономикалық тақырыптарға маманданған толық маман ретінде қалыптасты, оған осы жолда жана табыстар тілеймін.

Расында да, автор ауыл шаруашылығының жылқы, мал, асыл тұқымды мал шаруашылықтары, омарташылық, балық, піллә өсіру, кенеп өсіру, бақша, анар, жүзім шаруашылықтары сияқты көптеген салалардағы жаңалықтарды, реформаларды, нәтижелерді маман ретінде зерттейді.

Журналистикада “Тақырып — жарым ырыс” деген сөз бар. Саид Рахмонов оларды табуда өте креативті жанасады: “Өзбекстанда өмір сүру — бренд, бизнеспен айналысу — тренд”, “Қызмет көрсету оның пайдасынан қымбат”, “Ұмытылған көне заманның біз білмейтін жаңалықтары”, “Қызанақтың дәрі-дәрмектері көп пе, әлде уы көп пе?”, “Ащы дақылдың тәтті өнімі”, “Базарға барғандардың қарбызы қойнынан түсіп қайтып жатқаны шын ба?”, “Сарымайдай кесілген тауарлар мекені”, “Іріктелген тұқым — өнімі мол”



деген сияқты айдарлар, көптеген мақал-мәтелдердің орынды қолданылуы оқырманның қызығушылығын оятып, мақаланы одан әрі оқуға қызықтыра түседі.

Автор даламен тілдескен, ел, дүниені аралаған қаламгер. Әрбір мақаласында саланың беделді ғалымдарымен, парасатты мамандарымен бірге ой елегінен өткізіп, есептеп, талдау аясын барынша кеңейтіп, шағын саладан бастап, үлкен аймаққа, одан әрі ұлттық, жаһандық ауқымға ұласады.

Жинаққа автордың Үндістанға, Қазақстанға, Сауд Арабиясына, Түркияға іссапарлары кезінде жазған өте қызықты мақалалары да енгізілген.

“Хамоханглик” кітабы ауыл шаруашылығы саласының өкілдеріне, арнайы мамандарға, жалпы алғанда, қолына қалам алып, шығармашылықпен айналысатын әрбір журналистерге, әсіресе, жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттерге өте қажет басылым.

Ә.АЙҚОЖАЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Мемлекеттік саясат — іс жүзінде

ЖАҢА ЖОБА – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Бүгінде елімізде адам өмірі мен денсаулығын қорғау — мемлекеттік саясат басымдығының біріне айналды. “Халық байлығы — ең алдымен денсаулық” деген қағиданы ту еткен мемлекетіміз басшысының тікелей қолдауымен денсаулық сақтау жүйесінде түбегейлі реформалар жүзеге асырылуда.



Мемлекеттік деңгейде қабылданған бағдарламалар, стратегиялық жобалар мен ұзақ мерзімді жоспарлар — барлығы азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға, әсіресе ана мен бала қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Жаңа медициналық тех-

нологиялар мен заманауи құрал-жабдықтар, халықаралық стандарттарға сай инфрақұрылым, білікті мамандармен қамтамасыз ету — осының бәрі мемлекеттің болашақ ұрпаққа деген қамқорлығын айғақтайды. Сол маңызды бастамалардың бірі — “Ишонч —

2030” кешенді жобасы. Бұл жоба еліміздегі перзентханалар мен босану бөлімшелерін озық үлгідегі құрылғылармен жабдықтауды мақсат етіп қана қоймай, өмірге келген әрбір сәби-ге қамқорлық пен сенім арту идеясын алға тартады.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 28 июльдегі “Денсаулық сақтау саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсету жүйесін одан әрі жетілдіру іс-шаралары туралы” қаулысы негізінде қолға алынған жоба — ана мен баланың өмірін сақтау жолындағы маңызды бетбұрыс болды. Жобаның басты мақсаты — елдегі барлық перзентхана мен босану бөлімдерін толыққанды, сапалы заманауи медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету.

Жоба аясында жүргізілген мониторинг нәтижесінде, өңірлердегі перзентханалардың қажеттігі сараланып, нақты сұранысқа сай құрал-жабдықтармен қамту “жол картасы” жасалды.

Бүгінде Беке аудандық медициналық бірлестіктің перзентхана бөлімі “Ишонч — 2030” жобасы аясында 9



түрлі 11 жоғары технологиялы медициналық аппараттармен жабдықталды. Атап айтқанда, жаңа туған нәрестелерге арналған “Neo-term 1” құрылғысы, “IVL” және “SIPAR” тыныс алу аппараттары, наркоз беретін жүйе, хирургиялық шамдар мен үстелдер, кардиомонитор, заманауи босану кереуеті, кардиотокограф секілді құралдар бүгінде толыққанды жұмыс жасауда.

Бұл құрылғылардың арқасында мерзімінен бұрын туылған шақалақтардың өмірін сақтап қалуға, аналардың босану кезіндегі қауіпсіздігін арттыруға, босану үдерісінің сапасын

жақсартып, асқынулардың алдын алуға болады.

Осы орайда жуырда бөлімге Денсаулық сақтау министрінің ана мен бала денсаулығы бойынша орынбасары Е. Боситхонова, үкімет өкілі С. Ходжаева, Ташкент облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана мен бала денсаулығы бойынша орынбасары Ф. Рахматуллаева, сондай-ақ Швейцария банкі, ЮНЕСКО, БҰҰ халық қоры (ЮНФПА) сынды халықаралық ұйымдардың өкілдері мен бірқатар сарапшылар арнайы келіп, медициналық жабдықтардың тиімділігін зерттеді.

Тексеру нәтижесінде жабдықтардың толық көлемде тәжірибеге енгізілгені және олардың ана мен бала өмірін сақтауда ерекше рөл атқаратыны атап өтілді.

Қорыта айтқанда, ана мен бала денсаулығын сақтау тек медицина саласының ғана емес, тұтас ұлттың болашағына бағытталған ізгі ниетті, ауқымды мемлекеттік міндет. Мемлекетіміз басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан “Ишонч — 2030” сынды жобалар — бұл тек жаңа техника мен заманауи құрылғылар ғана емес, ең алдымен өмірге деген қамқорлықтың, халыққа деген жанышырлықтың, болашаққа деген сенімнің белгісі.

Беке ауданындағы жаңғырған перзентхана — сол сенімнің жарқын көрінісі. Қазіргі таңда ана мен бала өмірінің қауіпсіздігін сақтау жолында мемлекеттің жасап жатқан игі қадамы елдің ертеңіне бағытталған жарқын жолдың бастауы екені сөзсіз.

Саналы ұрпақ — сапалы медицинаның жемісі. Сондықтан да жаңа өмірге есік ашар әрбір шаныраққа мемлекет тарапынан жасалып жатқан мұндай қолдаулар тек денсаулық сақтау саласының ғана емес, тұтас қоғамның ең үлкен жетістігіне айналмақ.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Жібек — жеті қазынаның бірі

ТАБЫС КӨЗІНЕ АЙНАЛУДА

Жібекшілік — еліміздегі әйелдерді жұмыспен қамтамасыз етуде, қосымша табыс көзін ашуда және ұлттық дәстүрлерді сақтауда үлкен маңызға ие.

Піллә өсіруде мол тәжірибесі бар берунилік пілләшілер биыл да қарқынды жұмыс жүргізіп, піллә өсіру науқанына қызу кірісті.

— Биыл ауданның 13 аумағына 3 212 қорап науқан құрты таратылды. Осы арқылы 5 100 әйел жұмыспен қамтамасыз етілді. Арнайы дайындалған үй-жайларда жібек құрты үшін қажетті жағдай жасалып, оларды дұрыс тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінуде, — деп хабарлайды аудан әкімдігінің ақпарат қызметі бөлімі.

Атап айтқанда, “Сарқоп” ауылдық азаматтар жиынында 105 қыз-келіншекке 98 қорап науқан құрты таратылып, қазіргі уақытта өсіру жұмыстары жедел түрде жалғасауда. Егде жастағы аналар өз тәжірибесімен жастарға үлгі болып, ұстаз-шәкірт дәстүрі қайта жаңғыруда.

Сондай-ақ “Ө.Жұманиязов” махалласында 71 отбасына 101 қорап науқан құрты жеткізілді. Мұнда да тәрбие үдерісіне қатан кіріскен — тамақтың уақытында беріліп, температура мен санитарлық талаптардың сақталуы қамтамасыз етілуде. Себебі, жібек құрты “күміс талшық” жасағанша, жібек өсірушілерге тынымсыз еңбек етуге тура келеді.

Семинар

СУДЫ ҮНЕМДЕУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қарақалпақстан Республикасы Беруни ауданында “Ниятулла Азизбек” фермерлік шаруашылығының алқабында су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша семинар көрме өткізілді.

Семинарда сөз сөйлеген ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер су үнемдеу технологияларын пайдаланудың өмірлік қажеттілігіне, осыған байланысты белгіленген міндеттерге және су үнемдеу технологиясының тиімділігіне тоқталды.

Атап айтқанда, иілгіш құбырлардың көмегімен суару жұмыстарын ұйымдастыруда қол жеткізілетін нәтижелер туралы практикалық сабақ өткізіліп, тиісті мәліметтер берілді.

Атап өткендей, бүгінде еліміз бойынша суды үнемдеу технологияларымен қамтылған аумақ жалпы суармалы жердің шамамен 25 пайызын құрайды, соның есебінен өткен 2024 жылы 3 миллиард текше метр су үнемделген. Аталмыш шара нәтижесінде жұмсалған су мөлшері 830 мың гектар қайталама егіс алқабын суаруға бағытталды.

Шарада басшы мамандар үстіміздегі жылы қолда бар су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру бойынша белгіленген үстем бағыттарға да тоқталып, қолда бар су ресурстарын су пайдаланушылар арасында қатан бөлінген түрде пайдалану, су үнемдеу технологияларын енгізген бастамашыларға мемлекет тарапынан бөлінетін субсидиялар, ирригациялық жүйелерде судың жоғалуын азайту жұмыстарына ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті.

— Бүгінде Беруний ауданында 16 бастамашының 231 гектар жерінде жаңбырлатып суару, 33 талапкердің 507 гектар жерінде тамшылатып суару технологиясын енгізу бойынша келісімшарттар жасалып, құрылыс істері басталуда, — дейді аудандық “Су жеткізіп беру қызметі” мемлекеттік мекемесінің директоры Ж.Эшонов.

Сондай-ақ шара барысында суды үнемдейтін технологияларды енгізу жұмыстарын жеделдету тапсырылып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен құрылыс мердігерлік кәсіпорындарының өкілдеріне егіс алқаптарына орнатылатын суды үнемдеу технологияларын жоба талаптары негізінде сапалы және өз мерзімінде орнату, суды үнемдеу технологияларын кенінен енгізу жұмыстарын ерекше бақылауға алынатыны айтылып, атқарылатын міндеттер белгіленді.

Фермерлер мен құрылыс ұйымдарының өкілдері суды үнемдеу технологияларын енгізу бойынша өздерін қызықтырған сұрақтарына жауаптылардан жауап алды.



лар, институционалдық өзгерістер, цифрландыру мен ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған бастамалар — мыңың бәрі жемқорлықты түбегейлі жоюға деген саяси ерік-жігердің айғағы.

Мұндай ауқымды жұмыстардың нәтижелі болуы үшін әрбір азамат, әрбір сала қызметкері, әсіресе, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын білім саласының өкілдері өз ісіне адал, әділетті, жауапкершілігі жоғары болуға тиіс.

Жемқорлықсыз қоғам — арман емес, егер әркім өз орнында заң мен ар-ождан алдында таза болса, бұл арман — шындыққа айналмақ.

Аққорған ауданында өткен жиын осындай ізгі мақсатқа бастар сенімді қадам. Бұл шара тек бір сәттік кездесу емес, ол жүректерге сілкініс беріп, саналарға сәуле түсіретін тәрбие мектебі болуы керек. Адалдық пен әділеттілік үстемдік құрған қоғамда ғана даму, тұрақтылық, гүлдену болады.

Осы орында мына бір жайтты айта кеткенді жөн көрдік, жемқорлықпен күрес — тек жазалау емес, ол ең алдымен парасатты ой-сананы тәрбиелеу. Ал парасатты адам — болашақтың кепілі.

Үсенбай БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Адалдық — ардың ісі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС МІНДЕТІМІЗ

Бүгінде еліміз дамудың жаңа белесінде тұр. Президентіміздің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан кең ауқымды реформалардың өзегі — заң үстемдігі мен әділдік қағидаттарын орнықтыру. Осы мақсатта соңғы жылдары сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың маңызды бағытына айналды.

Мемлекетіміз басшысы бұл індетпен күресті “ұлт қауіпсіздігі мен халық әлауқаттылығының кепілі” деп бағалап, жемқорлыққа жол бермеу үшін кешенді шаралар қарастыруда. Елімізде арнайы Антикоррупциялық агенттік құрылып, “Жемқорлықсыз қоғам” концепциясы жүзеге асырылып жатыр. Барлық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің ашық әрі есеп беруі талап етілуде. Электронды қызмет көрсету, бюджеттің ашықтығы, мемлекеттік сатып алулардың жариялылығы секілді жүйелі қадамдар осы бағыттағы нақты нәтижелердің айғағы.

Осы игілікті бастамалар аумақтарда өз жалғасын табуда. Соның жарқын мысалы — Аққорған ауданында өткен арнайы түсіндіру жиыны.

Жуырда аудандық мектепке дейінгі және мектепте білім беру бөлімі ғимаратында “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес” тақырыбында кең көлемді насихаттық кездесу өтті. Оған аудан прокуроры Д.Файзиев, мектепке дейінгі және мектепте білім беру бөлімінің басшысы Ш.Мамадалиев, сала қызметкерлері мен балабақша меңгерушілері қатысты.

Жиын барысында аудан прокуроры қоғамдағы әділет-

тілікті қамтамасыз ету жолында жемқорлықпен күрестің маңызы зор екенін атап өтіп, бүгінде кейбір лауазымды тұлғалардың өз өкілеттігін кері пайдаланып отырғаны — үлкен қауіп екенін жеткізді. Ол мұндай әрекеттердің заң жүзінде қатан жазаланатынын айтып, нақты мысалдармен түсінік берді.

Сонымен қатар білім беру саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, балалардың тәрбиесіне жауапты ортада әділ және ашық жұмыс істеудің маңыздылығы сөз болды. Мекеме басшылары ұжымда адалдық пен жауапкершілік рухын қалыптастыруға міндетті екені ерекше айтылды.

Жиын соңында қатысушыларға жемқорлық көріністеріне мүлдем жол бермеу, ондай жайттарға куә болған жағдайда белсенді азаматтық ұстаным таныту — ел алдындағы парыз екені түсіндірілді.

Иә, сыбайлас жемқорлық — тек заңбұзушылық емес, ол ең алдымен қоғамның дамуына, халықтың мемлекетке деген сеніміне сызат түсіретін қауіпті дерт. Бұл індетпен күрес — бір күндік емес, үздіксіз, жүйелі және барша азаматтың белсенді қатысуын талап ететін ортақ міндет. Елімізде қолға алынған заңнамалық реформа-

Басқосу

ҚОҒАМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ОРНЫ

Жоғарышыршық аудандық Ақпараттық кітапхана орталығында Өзбекстан ХДП аудандық кеңесінің бастамасымен “Қоғамымыздағы әйелдердің орны” тақырыбында дөңгелек үстел сұхбаты ұйымдастырылды.

Басқосуда аудандық Ақпараттық кітапхана орталығының директоры, “Шухрат” медалінің иегері, партия белсендісі Дилбар Абдукаримова тақырыпқа қатысты өз ой-пікірлерімен бөлісті.

— Әйел — отбасындағы

өмірдің тірегі болумен қатар, қоғамның өркендеуі мен әлауқаты үшін де аса маңызды тұлға саналады, — деді Д.Абдукаримова. — Өз отбасында бала тәрбиесі мен білім беру ісімен қатар, қоғамда да жауапты міндеттерді абыроймен

атқарып келе жатқан жанқияр әйелдерді заманауи дәуірдің нағыз қаһармандары десек, артық айтқандық болмас. Қазіргі таңда елімізде әйелдерге көрсетілетін қамқорлық шынайы мемлекеттік саясат деңгейіне көтерілді. Әйелдің қаді-

рін арттыру бағытында жүзеге асырылған ауқымды реформалар бұл салада құқықтық негізде қалыптасып, үнемі жетілдіріліп отырғандығын дәлелдейді.

Атап айтқанда, Өзбекстан Республикасы Конституциясының 46-бабында “Әйелдер мен ерлер тең құқықты” деп нақты белгіленген. Бұл қағида елімізде гендерлік теңдікті қамтамасыз

ету, әйелдердің қоғам мен мемлекет басқаруындағы рөлін арттыруға бағытталған жүйелі реформалар үшін басты құқықтық негіз ретінде қызмет етеді. Шара соңында қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алып, әйелдерді ардақтайтын поэзиялық шумақтардан да рухани нәр алды.

Латиф МАНСУР,
Ташкент облысы.

